

## Аманкелді Нөкербайұлы Туғанбаев



**1943 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданында туған. Алматыдағы Әл-Фараби атындағы КазМУ-дің тіл-әдебиет факультетін бітірген. Көп жылдарда бері Ақтоғай селосындағы М. Горький (Әлихан Бөкейханов) атындағы қазақ орта мектебінде мұғалім. Қазақ тілі мен әдебиетін**

Қоғамымызда болып жатқан революциялық өзгерістер мен жариялылықтың негізінде еліміздің өмір өткелдеріне жаңаша көзқарас тұрғысынан баға бере бастадық. Мәдениетіміз бен елдігіміздің айғағын паш ететін тіліміз бен діліміздің, дініміздің ұмыт бола бастаған алтын қазыналарын қалпына келтіру жолында халықтық қозғалысқа қосылдық. Салт-дәстүріміз бен туған жерді қастерлеу, ұят-нысап, инабат, имандылық тағы басқалар ұлттық сипатымыздың ерекшелігін айқындайтын көрініске айналды.

Өткен ата-баба жолын қастерлеу, олардан қалған мұраларды бүгінгі ұрпақ қажетіне жаратып дамытуда республика көлемінде ауқымды іс-

оқытуды жетілдіру жөніндегі республикалық семинарлар мен педагогикалық оқуларда еның жасаған баяндамалары мен өткізген сабақтары жоғары бағаланды. Аманкелді республикалық Құсиын Айтқалиев атындағы атаулы мектептің мүшесі, «Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері». Ол-бүгінгі педагогикалық талапқа сай жұмыс жасауда өзіндік тәжірибе жинақтаған, жаңашыл ұстаз. Оның тәжірибесі республикалық педагогикалық басылымдар арқылы насихатталып жүр.

Көп жылдардан бері жерлесіміз Нарманбет Орманбетұлының мұраларын жинастырып, зерттеумен шұғылданып келді. Биылғы жылы Әл-Фараби атындағы КазМУ-дың мемлекеттік баспасына («Инжу маржан» сериясы бойыша) ұлы ақынның 20 баспа табақ көлеміндегі өлеңдер жинағын тапсырды.

Төменде Аманкелдінің Қараменде би жайлы жазылған материалдарын жариялап отырмыз.

тердің жүріп жатқаны аян. Әсіресе ауданымыздың 60 жылдық торқалы тойын өткізу қарсаңында, одан кейін де Тоқырауын топырағында түлеген не бір майталман өнерпаздардың, атақты батырлардың, тілінен бал төгілген шешендердің, ел басқарған көсемдердің есімдерін жаңартып, олар жайлы ел ішінде ескерусіз, еленбей келген деректер жазылуда.

И. Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасында:

Ер туып, жоқ елді бар қыла  
алмайды.

Ел болса, ер туғызбай тұра  
алмайды.

Тұсында әр заманның бір  
сұрқылтай,

Ұқсандар ата сөзі жай қалмайды. — деп келтіргендей, аты аңызға айналған аталарымыздың осы жерде дүниеге келуі Тоқырауын топырағының киелілігі мен елдік сипатының көрінісі шығар,

Тарих — адамдар керуенінің көші, солар ғұмыр кешкен, ерекшеліктері арқылы жасалып, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жетер алтын қазына, мол байлық,

Елдің елдігі үшін сын сағатта басын бәйгеге тігіп, тапқырлығы, ер жүрек батылдығы жұрттан асқан даналығымен XVIII ғасырдағы қазақ қалмақ шапқыншылығы кезінде тарихи тұлғаға айналған Қалдау Абыздың немересі Қараменде би жайлы аудандық газеттің 30-шы маусымдағы (№ 78-санында) «Бабаларға бас иеді бүгінгі ұрпақ» айдарымен берілген «Қараменде жайлы не білеміз» атты мақаланың жарық көргені белгілі. Онда баба әулетін бастап келуі, осы жерден қоныс алуы, Абылайды қалмақ тұтқынынан босатуы жайлы қысқаша сөз қозғалғаны оқырмандардың есінде болар.

Ал бүгін оқырманға ұсынғалы отырған деректер 1964-65 жылдары Прнозерный ауданы СОКП XXII съезі атындағы совхоздың тұрғыны марқұм Шалқаров Бүрлембек қариядан жазылып алынған еді.

Бұнда Қараменде бабамыз бен оның батыр би болған балалары Келте мен Дүнсекенің (Жәпекенің) айтқан даналық сөздері және Жидебай батырдың қартайған кезде Қарамендеге айтқан сәлем-сауалдары оған қайтарылған жауаптары келтіріледі.

Осы деректерді журнал оқырмандарына ұсынуға себепші болған екі түрлі жайдың көңілге көптен бері қозғау салып, ой түрткі жасағанын да айта кеткім келеді.

Бірінші: 1970 жылдардың бас кезінде Алматыда қазақ әдебиетінің та-

рихын дәуірлеп зерттеуде және ғалым тілші, әдебиетшілерді қанаттандырып ұшыруда ересен еңбек *өткен* филология ғылымдарының докторы профессор, ұстазым марқұм Бейсенбай Кенжебаев ағаның үйінде қазіргі Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакторы Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент — мүшесі Рымғали Нұрғалиевпен болған тақыстықта сөз етілген жайлар еді.

Сөз арасында Рымғали 1960 жылдары «Советтік Қарағанды» газетінде журналистік практика өткергенін, сол кезде біздің ауданда болғанын тілге тиек ете отырып, Қаракең жайлы деректер сұрады. Мен білгенімше тіл қаттым.

Рымғали: — Басына құлпытас орнатылды ма? — деді.

Мен: Құлпытасы бар, — дедім.

Ол: Әлімханның орнатқан цемент құлпытасы ма, барғанда көргенмін, Қарекен ірі тарихи тұлға. Оның Абылай заманындағы еңбегі тарихымыздан әлі өз орнын алып болған жоқ. Елдердің көбіне Қаракеңді бір жақты діни тұрғыда бағалап, оның өсиет сөздерін, биліктерін, елдікті, бірлікті сақтаудағы еңбектерін ескере бермейді екен. Көнекөз қариялар азаймай тұрғанда бабаларына қатысты деректерді жинап алуларың керек. Елдерінде осыған жаны ауыратын азаматтар болса, ескергені жөн — деді. Сондай-ақ ол баба басына күмбез орнатып, ескерткіш қою жайында да ой қозғаған болатын.

Ертеректе, 50-ші жылдары Қарекен басына күмбез орнату ниеті ұрпақтары Қайназаров Шаймен, /Кантулақов Мөншақбай, Қынашин Кұлмағанбет және Әлімқан Мақанов ақсақалдар тарапынан болғанымен, ол кездегі қиыншылықтар мүмкіндік бермеді.

## ҚАРАМЕНДЕ БИ

«Болған талай ауылымыз, тайпамыз,  
Енді соның ізін тауып байқаңыз.»  
(ХІ ғасыр Жүсіп Баласағұн).

Біздің қасиетті мекеніміз Тоқырауын топырағы өзінің тарихында талай-талай тамаша адамдарды, қол бастаған батырларды, ойы теңіз-шешен даналарды, революция күрескерлерін, ғалымдарды, еңбек ерлерін, өнер қайраткерлерінің кіндігін кесіп, қанат бітіргенін, бүгінгі ұрпақ орында мақтан етеді. Солардың ішінде ХVII ғасырда өмір сүрген Қараменде би есімі де халық есінде. Қараменде Шақа ұлының аталары — Орта жүз Арғын Тобықтысы. Оның ішінде Дадан рухынан тарайды. Қараменденің нақты туған, қайтыс болған жылдары жөнінде жазба деректері жоқ. Аудан орталығында тұратын ұрпағы Әлімхан Мақажановтың 1930 жылы «Қарекен айырығы» деп аталатын жердегі Қарекен зиратына қойған ескерткіште: «Тобықты, Қалдау, Шақаұлы Қараменде би 1720-1810» деп жазылған. Бұл деректі кезінде Смахан Бөкейханов берген, хат әлі сақтаулы. Туған және қайтыс болған жылы тарихи оқиғалармен салыстырғанда шындыққа жанасады.

Қарамендені бала күнінде көрген тарихта аты белгілі Айтқожа сыншы: «— жастық — жорға жан қоймас, шешендік мұнан құтылмас, шеберлік мұнан артылмас, басы — алтын, кеудесі — күміс, бөксесі — мырыш екен. Әттеген-ай, арты нашар болмаса», — депті.

Біз білеміз, бала кезінде Абайға да бір сыншы:

Басы көнектей,

Бөксесі сенектей.

Екі құлағы шұнақ,

Кеудесі аққан бұлақ екен — дегені бар.

Қараменде биді аудан халқы бұған дейін біржақты діни тұрғыда ғана қасиеттеп. халқымыздың тарихында, қоғамдық өмірдегі орны бағаланбай ескерусіз қалып келді.

Қараменде би жөнінде ел аузында жүрген бірлі-жарым аңызға айналған әңгімелермен, түрлі жинақтарға еніп жүрген шешендік сөздері сирек болса да кездеседі. Оның бірден-бір себебі: «Көненің бәрі көріксіз, жаңаның бәрі жақсы» дегенді малданып уақыт өткізіп алғанымыз да бар. Соның салдарынан халқымыздың тамыры, рухани тарихи әлемінің көп нәрсені жоғалтып, асылдың сынығын жана жинастырып жатқанымызды өкінішпен сезіндік. Қазір қасиетті Қараменде бабамыздың шешендік сөздерін, өсиетін, өлеңін жадында ұстап, жатқа айтатын көне көз қариялар қатарының сиреп қалғандарының да бұған үлкен әсері бар. Сондықтан деректер де, нақтылы баяндаулар да шамалы.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері Сәкен Сейфуллин кезінде билердің сөзіне арналған ғылыми талқылауларында олардың рөлі мен орнын жоғары бағалағаны белгілі. Билер тіл майданында дұшпанға сөз жібермей, халыққа қадірлі, жұртты аузына қаратқан сыншы, болжаушы шежіре болған. «Өнер алды—қызыл тіл» — деген қастерлі баға осыларға берілген. Би мен батыр таразының екі жақ басына түскенде биді ерекше дәріптейтіндігі ежелден белгілі. «Елге бай құт емес, би құт» — деген мәтел де осыны көрсетеді. Шынайы билер халықтық қалыпты бұзбауға, елдің бірлігін сақтауға күш салып, әділдік күзетінде қызмет еткен.

Қараменде бидің жастық, есею шағы халқымыздың тарихындағы өте ауыр кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманымен тұспа-тұс келеді. Сол кезде елдің бірлігін сақтап, қалмаққа қарсы халқын көтерген алдыңғы қатарлы билердің ішінде Қараменде де бар. Бұл тарихи деректер Мұқтар Әуезовтың өмірін зерттеп жүрген жазушы Т. Жұртбаевтың «Бесігінді түзе» деп

аталатын еңбегінде нақтылы дәлелдермен келтірілген. Онда Арғынның атақты биі Қараменде мен батыр Бақай өз елін Ертісті өрлей барып, жоғарғы ағысына мекендемекші болады. Бірақ бұлардан көп бұрын келген салмақты, саны көп ел—қалың Найман мен он екі Абақ Керей қара Ертісті қабақтай орналасып алған болатын. Оларды ығыстыру мүмкін болмағандықтан Шыңғыс тауының етегін баса, Сыбан мен Матайдың арасына сыналай орналасады. Осы кезде Бақай батырдың кенже інісі Мамай қырық бір, Қарекеннің ізін басқан Кеңгірбай отыз бір жаста екен. Қол күші ақыл-айласында қатар қолданудың нәтижесінде Кеңгірбайлар қонысы кеңейе түседі. Осыдан жер дауы, жесір дауы өршиді. Мұның ақыры Бақай мен Сыбан Маян батырдың жекпе-жегімен ұштасады. Екеуі де қаза табады. Ақырында келісімге келіп, Орда мен Шыңғыстың арасындағы Маян батырдың жазығын Мамай — Көкше тайпасына береді. «Ақтабан шұбырындыдан» бері халықтың басына түскен азап пен қыспақты Қараменде бидің Кеңгірбай биге сәлеммен жолдаған өлеңдерінде дәл суреттеп, бейнелейді.

**Басында Сырдан шығып Орға келдік,**

**Табан тміп жүре алмай зорға келдік.**

**«Құл алдынан құрулы талқы» деген,**

**Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік.**

**Мықты сабаз атанды терлетейік, Мұсылманның жолына маңдай қойып,**

**Аты жақсы дариядан әрі өтелік..** — деп басталатын жыр жолдары көп иәрсені аңғартып, сездіргендей.

(Ескерту: «талқы» деген иленген теріні жұмсартатын айыр ағаш).

Кеңгірбай Қараменде бидің бұл сәлемін ескермей аяқсыз қалдырады. Қоныс тепкен Шыңғыстан қайыра Сыр бойына көшкісі келмейді. Ал, енді Дадан Тобықтысының Шыңғыстан кетіп қазіргі мекені Балқаш көлі маңы мен Тоқырауын өзеніне келіп орналасуы жөнінде мынандай деректер бар.

Шыңғысқа келгеннен кейін өткір мінезді шешен, күш-қайраты мол жас Кеңгірбай ел тізгінін қолына ала бастайды. Қазақтың белгілі, беделді адамдары бас қосқан билер кеңесінде Қарамендені ығыстыруға кіріседі. Бүкіл Орта жүздің көзге түсер көрнектілері, жақсылары бір мәжіліске жиналып жатқанда Қарамендеге бұтағы кесілген, кептірілген тобылғыны Кеңгірбай бөген кісі арқылы сәлемдемеге жібереді. Тобылғыны ұзақ ұстап отырып Қараменде: — «Іс бітті, татулық дәмі үзілді. Мен деген Дадан баласы көшін ыңғайлап, дайын отырсын. «Мына тобылғы арқылы: — «Сен қартайдың суалдың. Өрісің тар. Кезек мепікі, мына жиынға мен барамын. Қу қақбас үйде отыр» — дейді Кеңгірбай. Енді елдік жоқ» — депті. Содан билердің арасында жарықшақ түсіп, жақсы қатынас бұзылады. Арбасып, ырғасқан егес мынандай тұспал айтыспен аяқталады. Қарамендеге қарасты Бұқты деген адамның бір үйір жылқысын Кеңгірбайдың ығында жүрген Жұмағұл барымталап, арты үлкен дауға ұласады.

Кеңгірбай бұлтаққа салып, әдейі шешімін айтпайды. Жасы үлкендігін сылтаулатып, билікті Қарамендеге қалдырған: —

Шын болса—желдеген тайы шығар,  
Өтірік болса—қазақтың баяғы жала  
жапқан жайы шығар.

Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған  
даудың жайы,  
Қалай болғанын Қараменде өзі  
айтсын, — депті.

Жұмсаған кісілері Байқара мен Кенебайға Кеңгірбай Қараменденің берер жауабына қарсы не айту керектігін үйретіп жіберіпті. Оның айтқанының бәрі дөп келіп Қараменде:

«Бұл билікті Кеңгірбай маған бүтіндей берген жоқ, құйрығын ғана ұстатып отыр. Өздерің көп сырлас болдыңдар», — депті де:

Құйрығын ұстап мал берсе,  
Қолыма тиді деменіз.

Алақанын жаймай ас берсе,  
Асатты ғой деменіз, — деп Құттыбай шешен айтқан ғой. Мені қыстамай өзі айтсын.

Қоңырды қағу кімге жөн,  
Өмірді қазу кімге жөн.

Осымды Кеңгірбайға жеткіз, — деп Караменде тоқтапты. Сонда «дәл осы сөзді айтқанда былай де» — деген Кекгірбайдың сәлемін Кенебай: «Соңғы сөзді Қабекеме айтпаймын. Айтпақшы, Әнет бабамның Қазбекке берген батасы қалай? Ұмытып қалыппын. Соны сұрай келші деп еді Қабекен». (Кеңгірбайға елдің қойған аты)—дейді сөз арасында. Сонда Қараменде: «Ә» деп басын көтеріп алыпты,

— Е, мен адасып отыр екемін ғой, Мынау Кенебайшаның емес, Кеңгірбайшаның жауласқан, жатқа айтқан сөзі ғой.

**Көбік ауыз боқты кенбес,**

**Көк ауру маза бермес»** — Кеңгірбай сөзі осы болса, бұл ара қоныстықтан қалыпты. Сәлем де Набанға. Бес тайдың құнын салауатқа кештім. Ол — қоныс алсын, мен өріс злайын. Күндердің күнінде көрісерге күн жақсы. Алыстан іздемесін, кезең астындағы кең қақтан табар. Әнет бабамның сөзі мынау.

**Қазак жолы — қанағат,**

**О, да жолдан адаспас,**

**Қасаңдау емі — шарығат,**

**Оған ешкім таласпас —**

**Жұртым іргенді көтер,** — деп іргесін Кеңгірбайдан аулақ салып, Қарабұлақ маңына (қазіргі Ағадыр ауданының «Қарабұлақ» совхозы) келіп, кереге жайып шаңырақ көтереді. Елді қондырғаннан кейін Қарекен жанына бір-екі жігіт ертіп, маңайдан қоныс болатын сулы жайылымдарды, жерді шолуға шығады. Керней руының биі, әрі батыры Жарылғапқа кездеседі. Бірін-бірі бұрыннан жақсы білетін екі би амандықтан кейін жөн сұрасады. Қарекен Шығыстан көшіп келуінің себебін баяндайды. Жарылғап батыр өзіне қарасты Қарабұлақты пайдадануға рұқсат етеді. Караменде ауылы осы жерде күз бен қысты өткізеді.

Сол жылы қыс жайлы, жұмсақ өтіп, мал қыстан аман шыққан соң қойдың саулығы ғана емес, тоқтысы да қоздап, Қарекен ауылы қатық ішіп, аққа қарық болады. Бұл хабарды естіген Керней руының басшылары ойына қызғаныш түсіп, Жарылғапқа барады. «Қарабұлақ сияқты малға, елге жайлы қоныс болған

құтты мекенді жатқа беріп едің, Караменденің тоқтысына дейін қоздап, қатық ішіп отыр» — дегенді айтып, батырдың намысын қоздырып, жерді қайтарып алуды талап етеді. Көп кешікпей Жарылғап батыр жанына екі-үш жігіт ертіп, түстенуге кеш, қонуға ерте бесін мезгілінде Караменде бидің ауылына келеді. Бұлар келгенде Қарекен үйінде жоқ болады. Бәйбішесі төрге шығып жайласуды ұсынғанда жолаушылар кететіндіктерін білдіреді. Бәйбішесі «Қуыс үйге кірген құр шықпайды деген» — деп тостағанға құйып, қой сүтінен ұйытқан қатық ұсынады. Тостағанды қолына ұстап тұрып Жарылғап беліндегі кездігін алып, әуелі қатықты төртке бөледі. Одан кейін араластырып жіберіп, тізесін бүкпеген бойында ішіп жүріп кетеді, Аннан оралған Карамендеге бәйбішесі болған жағдайды баяндайды. Сонда Қарекен «Келген Жарылғап екен ғой, енді Қарабұлақ бізге қоныс болмайтын болды. Тобықты өзара жауласып екіге бөлініп едіңдер, жерімді босатындар, мен сендерді төртке бөлемін, деп кетті», — деген екен.

Осы оқиғаның ізін суытпай бір-екі-үш күннен соң Жарылғап ауылынан тағы адамдар келеді. Олар: «— Бір айғыр үйірлі қысырағымызды іздеп жүрміз, ізі осылай келді,— депті. Сонда Қарекен: — Ойларыңыз белгілі. Жоқ жоғалтып, із кесіп жүрген жоқсындар. Жарылғап жіберген екен ғой. Алғашқы келгеннен-ақ «Жерімді босат» — дегенін білемін. Жарылғапқа, менен сәлем айт, қозы аяқтануын күтсін. Сонан кейін жерін босатып беремін.» Ал, Тоқырауын — Балқаш көдіне қоныстануы осы оқиғадан кейін болған.

Караменде бидің халқымыз алдындағы зор еңбегінің бірі — кезінде «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап босып кеткен елдің басын қосып, ел бірлігін сақтау, жауға қарсы елді күреске көтеру, жаумен арадағы жанжалды бейбіт реттеуге бағытталған елшілік (дипломатиялық) құрамында болғаны ерекше айтуды қажет етеді. Бұл — ел ішіндегі өнеге, билік айту шеңберінен асып

түсетін ел көсемі, қоғам қайраткері атқаратын жауапты міндет. Мұндай міндетті Тәуке, Абылай хандардың тұсында қазақтың Төле, Қазбек Әйтеке, Тайкелтір, Қараменде, Келтен сияқты көрнекті билері тамаша атқарғаны тарихта белгілі.

Осыған орай, Тәуке хан бірде қалмақ хандығына елшілікке баратын билер тобын аттандырып тұрып:

— **Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын ниешетін шешен болу қымбат. Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласып кетсек, сендердің шеберсіздіктеріңнен болар. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де қан шығармай бауыздауға болады, садақпен дәл атып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз атылған окпен бірдей. Қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойланып сейлесу керек — деген екен. Бұл сол кезде елшілік билерге қойылатын талаптың өте жоғары екенін аңғартады.**

Бір жолы қолға түскен Абылайдан Қалдан өзі жауап алады. Ол «Менің баламды өлтірген сен бе?» — дегі сұрағанда Абылай: «— Сенің балаңды мен өлтіргем жоқ, менің халқым өлтірді менің қолым қалың халқымның дегенін ғана орындайды.» • — деп жауап қайтарады. Осы жолда Абылайды құтқарып әкелуге қазақтың атақты батырлары мен ғернекті билерінен құралған елшілер тобы жіберіледі. Абай өмірін зерттеуші көрнекті ғалым Әбіш Жиреншенің 1961 жылғы Абай шығармаларының толық жинағының түсініктемесінде олардың құрамын берген. Олар: Төле би, Қараменде би, Келтен би, Қара керей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр және Шақшақұлы Жәнібек батыр "Бірің балға, бірің — төс, бірің айт та, бірің шеш» — деп жүрген қазақтың бетке ұстар игі жақсылары еді.

Абылайдың қалай босатылғаны жөнінде осы жерде әр түрлі пікірлер бар.

Бұл жерде Ә. Мақажанов ақсақал айтқан мына жайды да келтіре кетуді жөн кердік.

Билер шешендік сөздермен көп сайысқа түсіп, шегінуге жер қалдырмай көп бұлтаққа салғаннан кейін, Қалмақ ханы шарт қояды. «Хандарыңды көптің ішінен танып аласыңдар. Ол үшін топ алдынан үш рет өткіземіз, танып ала алмасаңдар, менде мәңгі құлдықта қалады», — депті. Келіспеске амал жоқ. Қалмақтар Абылайдың түріне ұқсас, бойы, дене бітімі бірдей жүз жігітті іріктеп алып, қалмақ жауынгерлерінің киімдерін киіндіреді, кешкі ала көленке уақытта жүз адамды сапқа тұрғызып, белгілі арақашықтықта қазақ елшілерінің алдынан өткізеді. Екі рет өткенде топшылаған адамдары Абылай болмай шығады. Үшінші рет кезек келгенде Қараменде би: —

**Хан қарашы,**

**біз тұғыр,**

**Тұғырына мінбес пе?** — деп дауыс көтере айтып, аяқ-қолымен төрт тағандап отыра қалады. Сол кезде Абылай саптан тез атып шығып, Қарекеннің арқасына мініп алады. Осындай тапқырлықпен Абылайды алып шығады.

Қарекен жөніндегі тарихи шежіреге жақсы қанық атақты ақын жерлесіміз Нарманбет Орманбетұлының мынау өлеңі Қаракеннің Абылай заманында қандай ролі мен беделі болғандығын растай түседі.

**Әнет бабам басы боп,**

**Қапталдасып Қарекем.**

**Қанжығалап айқасып,**

**Үлгі шашып «Үш жүзге...»**

**Құлағың сал бұл сөзге..**

**Ханға басшы Қарекем.**

**Дінге басшы Құнекем, (Құнанбайды айтып отыр)**

**Жеті Момын тегім бар,**

**Бізден артық кім екен?**

**Қазақтан асты Әнет би.,**

**Қараменде бабамыз**

**«Үш жүзге» өрнек үлгі айтқан...**

**Осындай артық затымды**

**Ойлап тұрсам өзіме,**

Айтпағаным мін екен! — деп 1906 жылдың өзінде масаттана жазған еді.

## Қарекен мен Келтенің жауаптасуы

Қарекен «Үш жүздің баласын» аралап, үш айдан кейін ауылына келеді. 14 жастағы баласы Келте әкесіне сәлем беріп:

— Әке үш айдан бері қайдан келдіңіз? — деген.

— «Үш жүздің баласының» бас қосқан жерінен келдім.

— Әке, бас қосқан жерде не айтты?

— «Ұлы жүз» бен «Орта жүз» айтысқанда «орта жүздің» сөзін сөйледім, қол ішінде бейім ғой. «Ұлы жүз» айтысқанда кіші бәйбішенің баласы ғой, зорлық-қорлықты көп көріп жүр ғой деп «кіші жүздің» сөзін сөйледім.

— Әке, құдайдың әділдігін сөйлемей, бұрып кеткен екенсіз. Біздің де жасымыз ұзақ болмайды-ау — депті.

Сонда Қарекен: — Өмір жасыңның ұзақ боларын, қысқа боларын алла білер, «кіші жүзде» ердің құны бар. Бір басшы, бір қосшы алып сонда бәр, депті.

— Барайын әке, жеті ауыз сөзді бір сұрайын, бес ауыз сөзді бір сұрайын. Соған жауап берсеңіз, — деімына төмендегі сұрақтарды қояды.

1. Әке, жақсылық неден?

2. Жаманшылық неден?

3. Сәлем кімге лайық?

4. Қаққан қазықтың топырағы қайда кетеді?

5. Әйелдің сыны қай жерінде?

6. Еркектің сыны қай жерінде?

Қарекен оған былай деп жауап қайтарыпты

1. Жақсылық — ұжымы бір ағайында.

2. Жамандық — ұжымы жоқ көп ағайында.

3. Алыстан алты жасар бала келсе, 60-тағы қария сәлем береді.

4. Бар отырып бермесе, қаққан қазықтың топырағы үй иесінің көзіне құйылады. Қонақ пен үй иесі риза болса, ғазазілдің көзіне құйылады.

5. Әйелдің сыны он екі жілігінде түгел болады, негізгі сыны тоғыз түрлі

Бірінші әйел Еркектің қарауында кай жерінде? деген болады. Жер арылтпай түзге отырмайды. Ер арылтпай сөз сөйлемейді. Дәретке отырса да қарауыл

қояды. Екінші әйел «Ақжаулық боз інген» деген болады. Арба сап жүретін ол бір інген болмайды, халықтың анасы, руға, жікке бөлмейді. Үшінші әйел «Қарашы сүйек қазанат» деген болады. Ер сыйлайтын, бала туатын, ши қазанат әйелді айтады. Төртінші әйел «Қобда төсек қодағай» деген әйел болады. Еркегіне қол тапсырғандай, ерін сыйлайтын ешкіммен жұмысы жоқ әйелді айтады. Бесінші әйел «Жайма төсек жадағай» деген әйел болады. Оны жеңіл жүрісті әйел екен деп қапы қалмандар. Бір шәйнек шәйі болса кісіге береді. Бір жастығы болса келген қонағының басына салады. Бұл да жақсы әйелдердің қатарында. Алтыншы «Бестен кейін бес қайқы» деген әйел болады. Бұл әйелдің сыны айтарлықтай емес. Астыңғы ерні үстіне қайқы, үстінгі ерні мұрнына қайқы, мұрны көзіне қайқы, көзі маңдайына қайқы бітеді. Бар тамағын өзі ішеді, жотасынан жарылады. Бет-аузы базарады, байы сөйлесе де, қайны сөйлесе де иығымен бір қағатын әдепсіз әйелді айтады. Жетінші әйел «Көнек ауыз көпірер» деген әйел болады. Жаулығын бу қылады, ауылын ду қылады. Қос үйді қоса қондырмайды, келі-бақыр ауыстырылмайды. Сөйлегенде бет-аузын түкірігі жауып тұрады. Бір жерден көшіп жатып, екінші жерге қонып жатып, уығын шаншып жатып, «осы аузым аман болса, осымен де ауыл үй болмаймын» деген әйелді айтады. Сегізінші әйел «Ала бұға жарық бермес» деген әйел болады. Байы барда бір қилы, байы жоқта бір қилы. Екі үйдің арасына өсек тасып жүреді.

— Әйелдің ең нашары кім?

— Әйелдің ең нашары балуан сүйек, балғын ет, тұрған бойы арам ет, көже мен табаны көп іш те зар илет деген әйел болады.

\* \* \*

Бірінші әйел Еркектің қарауында кай жерінде?

— Еркектің сыны екі топшысында, ауыз омыртқасында, кесер басында, бет пердесінде. Еркекке үш түрлі құлақ бітеді. Біріншісі—

ұқпақұлақ, екіншісі — ақпақұлақ, үшіншісі \*— кигізқұлақ.

— Ұқпақұлақтан кім шығады?

Оқушы, тоқушы, білімді, данышпан, халықтың қамқор баласы осыдан шығады.

— Ақпақұлақтан кім шығады?

— Ақпақұлақтан белгісіз, береке-сіз, басында кепілі жоқ, ағаштай сыпсың, өтірікші бала содан туады.

— Кигіз құлақтан кім шығады?

— Кигіз құлақтан кер желке, кесірлі, салғаны егін болмайтын, айтқаны жөн болмайтын, өз сөзі болмаса кісі сөзін ұқпайтын, түнде ұйықтасам екен дейтін, күндіз тамаққа тойсам екен дейтін, өткен өмірін білмейтін қу осыдан туады.

Енді Қарекен Келтеге сұрақ қояды:

— Жігіт деп кімді айтады?

— Жігіт деп «салпы етек салақты» айтады.

— Ой, балам. ол жаманның ағайыны емес пе?

Жоқ, ата, кешірімді кең болмай, жігіт болмайды. Басынан оқиғаны өткізіп жіберген жігітті жігіт деп айтады. Тез қатар, ашуланшақты біз жігіт деп санамаймыз.

— Ал, әйел деп кімді айтамыз?

— Үш міндетті білмегенді әйел деп айтуға болмайды. Қапияда сөз табатын, қараңғыда жол табатын, еркегі жоқта қонақ атқаратын әйелді әйел деуге болады. Өзгесін бала тапқан соң, соның анасы деуге болады.

— Асылдың қоры деп кімді айтады, балам?

— Асылдың қоры деп әйелді айтады.

— Өзі әйел болады, өзі асылдың қоры қалай болады, балам?

— Білімді, данышпан адам әйелден туады. Ол өлсе қайыра тағы туады, әйел үзілмейтін асылдың сарқылмас қоры ғой, әке.

— О, балам дүние жаратылғанда әйелдің білімі қоса жаратылған ба, жоқ бері келгенде жаратылған ба?

— Дүние жаратылғанда қоса жаратылған.

— Ал, білімін айт ендеше?

— Айтайын, ел аузында мынадай бір хикая бар екен. Өткен уақытта бір хан болыпты. Ханның үлкен бір көлі болыпты. Көлдің маңынан өт-

кен салт аттының ауыздығын алдырмайды, үстіне кісі аялдатпайды екен. Жазғытұрым киюге киім, ішуге ас таба алмаған ерлі-зайыпты екі мүшәпір сол маңда тұрыпты. Қосқа сүйеніп тұрған әйелі еркегіне «Босқа өлуге болмайды, ерім. Ханның көлінің басына барайық. Құсының жұмыртқасын теріп, тұзақ сап ұстап жан сақтайық», — депті.

— Ой, қатын, есің жоқ екен. Хан салт аттың ауыздығын алдырмағанда бізді жолата ма?

— Бармаймыз ғой, барсақ бір жөні болар.

— О, онда барайық, — деп екеуі қара қосты бөліп арқалап, хан көлінің жиегіне келіп қонады. Қонғаннан кейін құстың жұмыртқасын теріп, ұстап, талғажау жасайды. Осымен төрт сөтке өтеді. Бесінші күні екі ақ боз атқа мінген, екі ақ түйғынды қолына қондырған екі мырза жігіт келіп «Шық-шық» деп айғайлайды. Сонда еркегін қосқа жасырып, далаға әйелдің өзі шығады. Келген жігіттердің бірі:

— Не қылған адамсыңдар! Салт аттың ауыздығын алдырмайтын хан көліне неге қонасыңдар, кетіңдер, — дейді.

— Кетейік, жөндеріңізді айтсаңыздар, — депті әйел.

— Мен ханның уәзірімін, мынау баласы.

— Өзің ханның уәзірі болсаң, саналы қатын күншілдікті нағылсын, жоқшылықты көрмеген хан таршылықты не қылсын. Еркектің жаманы жер қориды, әйелдің жаманы ер қориды. Құрметті ханның уәзірі екенсің, жер қорыған неңді алған, — депті.

Сөзден ұтылған уәзір мен хан баласы сарайға қайтып ханға болған жағдайды баян етіпті.

Уәзір: — Көл басына бір мүшәпір адамдар қоныпты. Әйелі жаннан асқан сұлу, тілді екен. Не өзіңіз, не балаңыз алса. Болмаса маған әперіңіз, — дейді. Хан біраз ойланып отырып: «Бар да еркегін мінгестіріп алып кел» — депті. Хан жарлығы бойынша уәзір еркекті хан сарайына алып келеді. Ол босағаға отырысымы хан:

— Неқылған адамсың, көлдің ба-



сына неге кондың, маңын неге былғадын, — деп ұрсады.

— Киюге киім, ішерге тамақ таппадық. Содан соң көлге келіп, құстап күн көріп едік, — дейді.

— Саған тоғыз тайынша беремін, тоғыз тайыншаны осы жерден айдап кетпесен, осы жерде өз басыңды аламын. Егер айдап кеткеннен кейін менің тоғыз сұрағыма жауап бермесең, өз басыңа қоса әйеліңді аламын, — дейді. Мүсәпір ойланып, не болса да әйеліммен тілдесіп өлейін деп, тоғыз тайыншаны қосқа айдап әкеледі. Алдынан әйелі шығып;

— О, мүсәпірім, олжа қайырлы болсын, құдайдың берері жоқ біреудікің біреуге аударып береді деген осы, — депті.

— Ойбай, ажалым да осы, бейнетім де осы. Мен тоғыз ауыз жауапты тоғыз жылда тауып бере алмаймын ғой, — деп жылайды.

— Тайыншаларды сояйық, етіне тояйық, кір-қоңыңды жуайын асықпа. Тоғыз ауыз жауапты үйретемін, — дейді. Ері әйелінің айтқанын істейді. Күндерден күн, айлардан ай өтеді. Хан уәзірі келе ақырып, жолбарысша шақырып «Жауабың дайын ба, әлде басың дайын ба?» — дейді. Жаман тонын жамылған мүсәпір «жауабым әзір тақсыр» депті. — Ал айт ендеше.

— Бір дегенім — дат еді, бір құдайдың аты еді.

— Екі дегенім екі еді, екеуі жатса тоңбайды, екеуді жұбынан айырған хан екі дүниеде оңбайды. Үш дегенім — үш бұтақты шідерден бекітулі ат кетпейді. Төрт дегенім — төсекті қатыны көп болса ауызы толған өсекті. Бес дегенім — бесікті, жақсының ауызы толған несіпті. Алты дегенім — асықты, хан айтқан сөзінен өзінен-өзі сасыпты. Жеті дегенім — жезінен, жақсыны мен танимын сөзінен. Сегіз дегенім — баянды, бір құдайға қылған ісім аянды. Тоғыз дегенім — тоқты, ханды қос қолдап құдай ұрды деген осы, — деп уәзірді төбеден ұрыпты. Уәжден жеңілген уәзір болған жағданды ханға жеткізеді. Хан кедейді сарайына көшіріп алғызып, үй-жай беріпті. Көлді Жұпар копасы деп атапты дейді.

«Әйелді дүние жаратқанда білімін бірге жаратқан деген осы», — депті Келте. Қарекен баласының тапқырлығына риза болып батасын беріпті.

#### ӨСИЕТТЕР:

1. Шаруалы боламын десең, ерте тұр да малыңды бақ.

2. Батыр боламын десең, жарақтанып жауға шап.

3. Жақсы боламын десең, әділ бол да халыққа жақ.

4. Иманды боламын десең, алланың мойнына салған бес парызын тап.

5. Жаман боламын десең, ерте тұр да жаман туысыңмен жаңжалдас та жат.

Ер есігі — тоң темір, ерітетін ер керек Томырық болса ер оңбайды, тонда жатқан мал оңбайды. Томырық кісі арқан бойы жерге бармай оңбайды. Қыран айналар қырымға, ит айналар жырымға. Паракорлар қызығар, бір қалаштық тиынға. Темір балқыр көмірден, иман табар көңілден, дүние сүйек, — біз бір ит таусамын деп кемірген. Мір айырады теңгеден, қайын еркелеп ас ішпес, қабағын түйген жеңгеден. Үміт кетті бір алла болмаса, өзгеден. Дүниенің ақырында еркелейтін қайын, еркелік көтеретін жеңге болмайды-ау.  
\* \* \*

Бүгін түс көрдім, түсімді жорисың ба, балам? — деген екен Қарекен Келтеге.

— Балам бұлан көрдім, құлан көрдім, түлкі көрдім, қоян көрдім, ақыры қой көрдім.

— Ой ата-ай, алты түрлі заман келеді екен-ау, — дейді. Біздің заманымыз бұлайдай бұлқысып өтеді екен. Бізден кейінгі адамға құлан көрдім деген мал көп бітіп, етін жемей, терісін кимей, көшіп жүріп, жаулен жұтқа береді екен. қасқыр көрдім дегеніңіз — екі ағайынды адам малға жерге, басқа таласып, қасқырша жұлысып өтеді екен-ау. Оның ішінде түлкі дегеніміз — екі жағын шақ-шаққып, өсек айтып, жауластыратын өсек сөзі көп заман болады екен. Сондай-ақ не жақсылық та жоқ, не жамандыққа жоқ, қорғалан тас түбінде жататын қояндай қорғалаған заман да болады екен. Ақырында қойдай қоңыр заман болады

екен. Жесір катын, жетім бала болмайды. Баршасының отырған орны, ішетін асы, дастарханы бірдей, біріне-бірі сұқтанбайтын, қасқырдан бас-

қа жауы болмайтын заман келеді екен. Бұл менің жеті атама барғанда шығатын замаи-ау,— деп жорыпты Келте.

## ДҮЙСЕКЕНІҢ БИЛІГІ

Қарекеннің Дүйсеке (Жапекке) деген баласы да әділ билігімен, тапқыр шешендігімен, топ бастаған көсемдігімен аты шыққан екен. Бір жолы осы Дүйсекеннің алдына әділдік, тура қазылық тілеп екі топ келіпті. Сұрастыра келсе, дауласушы екі топтың айтпағы ерлі-зайыптылардың сыртынан тараған лақап, өсек болса керек. Дүйсеке әйелдің еріне сөз беріп, болды деген жағдайға толық түсініктеме беруді талап етеді. Сонда жігіт «Әйелім жеңіл жүріске салынды. Онысын өзі мойындамайды. Сондықтан оны жұрт алдында талак етпекпін», — дейді. Дүйсеке тұрып: «Айғақты дәлелің бар ма, көрдің бе, үстінен түсіп ұстап алған кім бар?» — деп сұрайды. Дүйсекеннің

қойған сұрақтарына жігіт те, ере келген оның туыстары да «көрдім, ұстадым» деп куәлік бере алмапты.

Сонда Дүйсеке: «— Ел ұрысыз, тау бөрісіз, көл үйрексіз, ауыл үй өсексіз болмас. Сенің айтып тұрғаның үй арасының өсегі. Қылышты қынабында көрмесе, түндегі сөз ертеңгі куәлікке жүрмейді», — деп ерлі-зайыптыларды жиналған топ алдында табыстырып жіберген екен.

Бірде Қарекен Дүйсекеге: — Ұлт құты, ру құты, аймақ құты, ауыл құты дегеніміз не? — деп сұрақ қояды. Сонда Дүйсеке: — Ұлт құты — өзіңіз, ру құты — әділетті би, аймақ құты — қадірлі ақсақал, ауыл құты — келісті бәйбіше емес пе, — деп жауап

## СӘЛЕМ ЖИДЕБАЙ БАТЫРДЫҒА АУАЛЫНА КЕННІҢ ЖАУАБЫ

Қараменде би мен Әлтеке Жидебай батыр желідегі құлындай қатар өсіпті. Жидебай көп жасаған көпті көрген, кейіннен көзден айырылып, Зағип болып қалыпты. Оны өзі «Екі көзімнің соқыр болғаны Қара Қожаның қарғысы, көп жасағаным мұсылманның алғысы» — депті. Жидекең қартайған шағында ауылындағы сөз білетін жігітке: «Жылқыда бір ақсұр деген айғырды жылқышыларға ұстатып мін, белінді буын, жеңінді сұғып Жеті ауыз сөзді бір айтам, бес ауыз сөзді бір айтам. Бір айтқанда ұқ дағы, Қарамендеге жеткіз. Шешуін берер» — депті. Сәлемі мынандай екен:

1. Мұсылман жаудың қолында қалдым.

2. Бес атаның малын қараймын деп әуре болдым.

3. Алпыс — бір ат айғырын мініп кетсе үйірін бермейді.

4. Жетпіс торғай шырылдайды. еш нәрсеге әлі келмейді.

5. Сексен балапан ұя басып жатқанын жақсы көреді.

6. Тоқсан жұмыртқа қай күні жа-

рылады белгісіз.

7. Бес мұқтаж бар. Төртеуінде үміт бар, біреуінде үміт жоқ.

Жігіт Қараменде бидің ауылына келіп, Жидебайдың осы сәлемін жеткізеді. Қарекен оны былай шешіпті:

1. Мұсылман жаудың қолында қалдым дегені бәйбішесі өліп, бала мен келіннің қолына қарап қалған екен ғой.

2. Бес атаның малын қараймын деп, әуре болдым дегені — бес саусағымен қойғанын таба алмайтын екі көзінен айырылып, зағип болып қалған екен ғой.

3. Алпыс — бір ат айғырын мініп кетсе үйірін бермейді дегені — 60 ердің дұрыс жасы екен ғой. Туғанға, туысқанға, қатын балаға қадірі бар кезі екен ғой.

4. 70 торғай шырылдайды, еш нәрсеге әлі келмейді дегені — 70-тегі шалдың шырылдаған торғайдың дауысындай халқына маңызы болмайды екен ғой.

5. Сексен балапан ұя басып жатқанын жақсы көреді дегені — сексендегі шал мал-жанынан, ораза-на-

маздан төсекті артық көреді дегені ғой.

6. Тоқсан жұмыртқа қай күні жарылары белгісіз дегені — тоқсандағы шалдың қай күні өлері мағұлымсыз, тоқсан жұмыртқа шайқап жатқан құстың жұмыртқасы сияқты қай күні жарылары белгісіз екен ғой.

7. Бес мұқтаж бар, төртеуінде үміт бар, біреуінде үміт жоқ дегені — мыналар екен ғой. Бірінші — жас өсемін деп үміткер, екінші — жарлы байымын деп үміткер, үшінші — ауру жаннан үміткер, төртінші — жалғыз көп боламын деп дегені — біреуінде үміт жоқ дегені кәрілік қой, онда ешбір үміт жоқ. Бақ келмейді, бас бітпейді. Ақырет сапары деген сапар, үмітсіз осы ғой Жидебайға сәлем де. Мұсылман жаудың қолында қалса, бір елі аузында төрт елі қақпақ қойсын. Бес атаның малын қараймын деп әуре болса, жанына жанқалта, төсіне төс қалта тіктіріп алсын, Шақшасы мен шақпағын содан табар. 60 ердің жасы, оны тәңірім батырдың ақ жолына нәсіп етпейті. Қатары кетіп жетімдікті көп көрген екен.

Жетпіс, сексен, тоқсан, жас.

Талай ерді тосқан жас.

Қашпасын да саспасын,

Қасқайып көрсін қайран бас, — деп жауап қайтарған екен.

\* \* \*

Қараменде жас кезінде үйсін Қонырат бидің аулына бата алмақшы болып, сәлем бере барады. Би Қарамендені қасындағы жолдастарымен жылы қабылдап, түнімен ақыл-кеңесін, өсиетін айтып батасын береді. Ертеңінде аттандырып тұрып. «Балам, ұғар құлақ болса, біраз сөз айтылды, риза бол! Өгізді өрге айдама, қанатың талады. Жаманға болыспа, дауы өзінде қалады. Жақсы-

дан қол үзбе, кезінде олжа салады. Алла жолынды оңдасын», — деп тілек айтып бет сипаған екен.

Қарекен Абылай тұсындағы тарихи орыны қандай болғанын атақты Нарманбет ақын өз әкесіне арнап шығарған жоқтауының үш жерінде кайталап айтады.

Қазы болған халқына

Қалдау Абыз бабамыз,

Ақтабан шұбырынды болғанда. Жиылмаған сабамыз.

Немересі Қарекем

Хан Абылайдың жарғысы

Билікте оны табамыз...

Дадан Тобықты әулетінің Шыңғыстан Тоқырауын — Балқаш бойына көшіп келу себебінің түп төркіні — бір жағынан Кеңгірбай мен Қараменде де арасындағы өкпе, түсініспеушілік жай екені мәлім. Екіншісі — ол кездегі патша өкіметінің отарлау саясатының мысықтабандап жүргізіле бастауында жатса керек. Қарекен осы жайды ерте түсініп атақонысы Жиделі байсынға баруды ниет етеді. Оны да Нарманбет ақынның әкесінің жоқтауындағы мына шумақтардан танып, білеміз.

... Қарекем айтқан халқына

«Ықтимал деп Арқаны

Орыс келіп алуға»

Сонан соң көштік Шыңғыстан

Жиделі байсын баруға.

Құбылаға бас тарттық

Ағайынға көп айттық

Кісі қайда нануға.

Қалың елден өте алмай,

Жаугершілік жете алмай,

Себеп болды даданның

Мұнда тұрып қалуға.

Аз ауыл мұнда жүрсек те

Жеті момын — бір ауыл

Қажет қылып қамдаңыз

Сөз орнына салауа...

## Қарекеннің билігі

Арқада Алтай Қарпықтың Жантай атты байына Ыбырай деген кедей жігіті жалға жүріпті. Екі жақтың келісімі бойынша кедей бай жылқысын отарлап айдап, шөбі құнарлы, қысы жұмсақ өлкеде қыстай бағып, жазғы тұрым аман-сау тапсырмақ болады. Кедейдің осы алты айлық

енбегіне бай бір тай атайды. Жантай мен Ыбырай «Уағда — құдай аты» деп қол ұстасып, біріне-бірі сеніседі.

Сөйтіп, Ыбырай бай жылқысын қоңыр күзде санап алып, отарлап әкетеді. Сол жылы қыс жайлы болады. Жылқы қыстан күйлі, аман

шығады. Жазғы тұрым буаз биелері құлындап, біреуі екеу болғанда Ыбырай жылқыны елге айдап келіп, байдың өзіне тапсырмақшы болады. Жігіттің қайратына, адалдығына іштей риза болған Жантай жылқыны әлі де болса баға беруіне ниет білдіреді. «Ер мойнында қыл арқан шірімес» — деп, кейінгі еңбегінің кесікті бағасын атамайды. Бай сөзіне малданғап Ыбырай бай жылқысын бағып жүре береді.

Ыбырайдың жеті жасар жалғыз ұлы әкесінің тайға жалданғанын біліп қуанып жүреді екен. Ол бір күні:

— Тайымды көрсетші, мінейін — деп әкесінің мазасын алады. Осы сөз қозғау болып. Ыбырай баласын ертіп бай үйіне келеді.

— Байеке, мына балаңыз сіз беремін деген тай жайлы естіп мазамды алып жүргені. Соны алғалы келіп едім, — дейді. Бай:

— Бар жылқы алдында емес пе, ит мініп, ирек қамшылап жүрген жоқсың. Бұл неменене қайсысын мінгізсең де еркің ғой. Айтқаным, айтқан, атаған тайды әйтеуір бір аларсын. Бүгін алып, ұрандап бәйгіге қоспақшы болдың ба? — деп жақтырмай қалады. Сонда жігіт:

— Байеке, сіздің малды бөтен демеямін. Бұрынғыдан қалған «Аталы ұлдың бақшасы басқа» — деген бар. Ойланыңыз, — дейді. Бай бұған ашу шақырып жігітті тілдейді. Жігіт:

— Алты ай бойы қар жастанып, мұз төсенген еңбегім — табан-ақы, маңдай терімді құдай алдына әкетпексіз бе, төлеңіз! Әйтпесе, бұл үйден шықпаймын, — деп отырып алады. Бай кет-кеттің астына алып, жігітке қамшы көтереді. Жігіт:

— Ағалық үлкендігіңіз бітті. Енді(қойыңыз — деп байдың қолындағы қамшысын тартып алады. Жантай онан сайын көтеріліп, үй-іші, ауыл маңындағылардың арашасына да кенбей, жігітке қол-аяғын қатар жұмсап, төпелеі ұра бастайды. Шыдамы әбден саркылған Ыбырай Жантанды ауыздан бір қойып қалады. Оның тісі сынып, аузы қанайды.

Осы жайдан соң Жантай Қазбек бастаған билер тобына сөз мәнісін билетін бір кісісін қос атпен аттанды

рып:

«Құлақ естіп, көз көрмес» сұмдыққа кезіктім. Есігімдегі жалшым өз ордамда өзімді сабап, екі күрек тісімді сындырды. Маған тап болған осы «Құлақ естіп көрмес» исі қазактың басына келіп, қайталамас үшін, елге сабақ боларлық аяусыз үкім қажет. Малымды сойып, қолымды қусырып қарсы аламын. Қазбек бастаған билер алқасының келуін сұраймын. — деп сәлем жолдайды.

Осы шақыру бойынша Қазбек бастаған бес би бай ауылына келіп, жеке тіктірген тоғыз қанат ақ ордаға жайғасады. Бұл бесеуінің ішінде Қараменде бабамыз да бар екен. Ордадағы билер кеңесінде Ыбырайдың Жантайды ұрып тісін сындырғаны туралы әңгіме өсіреле айтылып, гу-гу басталады. Бұл оқиға шынында құлақ естіп, көз көрмеген сұмдыққа бағаланады. Осы қылығы үшін Ыбырайды Жантайға мәңгілікке құлдыққа қалдыру, жерін соның иелігіне беру жайында билер арасында әртүрлі пікір болады. Күні бұрынғы мәжілісте билер сөзі бір арыаға сайымағандықтан қаз дауысты Қазбек:

— Өлерменге де үш тілек беріледі» Ыбырайды сырттан кінәлау дұрыс емес. Сендер Жантайдың мүддесі тұрғысында әрекет етпекші болып ыңғайланып барасындар. Асын ішіп, ордасына түскен есепке алынбайды Жүгініске Ыбырайды да алдырып, Жантаймен қатар отырғызалық. Істің ақ-қарасына көз жеткізейік, асық" паңдар, — дейді.

Қазбектің талабы бойынша Ыбырай билер алдына келтірілді. Одан болған іске қатысты мәселені ақиқат тұрғысынан айтып түсіндіруді Қазбек бидің өзі талап етеді. Сонда ол:

Жүріп едім Жантайға,  
Алты айыма бір тайға,  
Жалалы болдым екі күрек тісіне,  
Не шара бар, құдіреттің басыма  
салған ісіне.

Атығайдан Асан би, Канжығалы  
Кабан би,  
Тобықтыдан Қара би, қаз дауысты  
Қазбек.

Жиналдың өңшең асыл тек.

Бірің балға, бірің төс,

Бірің піш те, бірің кес.

Құдайынды ойлай кес, — деп жі-

гіт тақпақтатып келіп, бар жайдың шындығын айтып отыра кетіпті. Билер алқасы өз ара келісіп, осы жолға билік айтып, қазылық жасауды Қарамендеге тапсырады. Сонда Қарекен:

— Біздің қазақ халқы — сахаралық халық. Үнемі еркін көшіп ең жайлап жүреді. Жазда жайлаудан, қыста қыстаудан таршылық көрмейді. Алтайдан Еділге, Алатаудан Ібір-Сібір жеріне дейінгі өлкені мекендеп келеміз. Бүгінгі жайдың кесімі айтылар. Мені ойландырып жүрген осындай мәселеден сабақтасып туатын басқа бір жайлар. Алдымен соған келісім жасап алсақ, — дейді. Билер алқасы Қарекеннің сөзіне құлақ түреді. Ол:

— Ел болған соң тентектік әр жерден кездеседі. Барымталасқан жақтан қарымта қайтару кезінде адам шығыны болмай тұрмайды. Осы дауды шешерде біз өнегелік сипаты бар тұрақты тұжырым жасай алмай келеміз. Оған жеріміздің кеңдігі мен еліміздің үш жүзге бөлінуі себеп болар. Әр жерде әр түрлі кесім айтамыз. Барымта кезінде адам шығыны болған жақ әлді болса, құнды көп кесуді талап етеді. Ал оған керісінше, әлсіз жағы қорғаншақтап өлген азаматтарына дұрыстап құн сұрай алмай жүр. Біздер дауласушы екі жақты табыстыруда әрқайсысының қойған талабын қанағаттандыруға көбірек назар аударамыз. Көбінесе сол бойынша құн кесіп, билік айтамыз. Мұны өз басым ойланып жасалған әділетті билік дей алмаймын.

Сондай-ақ қыздың қалың малы да әр жерде әр түрлі бағаланады. Мұны жесір дауын шешуге қатысқан өздеріңіз де білесіздер. Сондықтан жалпы жұртқа ортақ жаңа баға шығарып, соны басшылыққа алуымыз керек. Кесік түрінің малдай өндірілгені дауласушы екі жаққа да тиімді. Өйткені кейінгі кезде сырт, отырықшы елдермен аналас-құналаста ақша (алтын-күміс) айырбасқа шығып жүргенімен, ер құны мен жесір дауына біз ақша кесе алмаймыз. Көнгі елдің ондай бағалы алтын-күміске тапшы екені белгілі. Кесік ке-

зінде оны қолма-қол өлтіріп беру мүмкін емес. Әркім қолындағы бары — малына қожалық жасайды. Кесіктің малдай өндірілуін ұсынғанда осы қиыншылықтарды еске алдым. Сонымен бірге бүгінгі осы алқалы топ алдында мал түрінің төлсөмдік-құнын белгілейтін мына тұжырымдарды бекітіп, тұрақтандырасақ, — деп өз ойын жалғастырады.

1. Ердің құны — 100 жылқы.

2. Қыздың жоғарғы жасаулы қалың малы — 47 кара.

3. Орта жасаулы қалың малы — 25 кара.

4. Ең төмендегісі — 10 кара болса.

Жақсы аттың құны — бес бесті. Өйткені ол қысылшаң кезде ерді ажалдан құтқармаса да бейнеттен құтқарады. Атан түйенің құны — 12 тоқты. Токсиыр — тоғыз тоқты, құнажын сиыр — 5 тоқты, құнан өгіз — 4 тоқты, саулық — тоқты, лакка есеп. Тоқты — тоқты күйінде, лақ-лақ қалпында қалсын. Алты сенсең — бір лақпен тең болсын, — деп сәл тыныстап, сөзін әрі қарай сабақтайды.

— Сонымен бірге ерді азуды тісіне әйелдің күрек тісіне құн болса деп ұсынамын, — дейді. Сонда Жантайды жақтайтын бидің бірі:

— Азудағы көрінбейтін түпкі тісті жоқтағаншә, омырайып орны үңірейіп тұрған күрек тіске неге құн белгілемейміз? — депті. Бұл сұраққа Қарекен:

— Еркектің азуды тісі түссе, қайраты кемиді. Әйелдің күрек тісі түссе, көркі кемиді. Жантай байдың сынған тісі — күрек тісі екен. Аузында мұрты бар еркек қой, көркі бұзылмайды. Азуды тісі бүтін, қайратына зиян болған жоқ. Сондықтан Жантай бай Ыбырайдың еңбегіне бермек тайын төлесін, — деп жауап қайтарып, кесік жасапты.

Қарекен айтқан ердің құны, қалың мал төлеуі және әйелмен еркектің тісіне байланысты құн белгілеу, оларды мал есебінде бірыңғай бағаға келтіру мақұлданып, кейін жалпақ қазақ даласына таралып «Жеті жартыға» енген екен дейді.

## КЕЛТЕНІҢ СОҢҒЫ БИЛІП

**ҚАРАМЕНДЕ** би бастаған аз ауыл көп тобықтың бөліне көшіп, бері беттеген жылы Шыңғыс пен Қарқаралының арасындағы Қоңыр Құлжа деген жерді қыстапты. (Осы жердегі би ауылының күл төккен орнын бертіңге дейін Қараменде қыстағы деп атаған). Бүгін — еру, ертең — жылжи көшу болған дақтан Қарекен өз тобықтағы адамдардан шаруа ықтиятты болуды талап етіп, ылғи да сақтық шараларына қадағалау жасайды екен. «Біреу біліп, біреу білмей соқтығады. Көшіп келе жатқан елге жолдағының бәрі қызығады. Тым болмаса тоқтығорым, тайынша тор пақ пайдаланып қалуды ойланады» деп малмен жанға күндіз қарауыл, түнде күзет қойдырып, ылғи да жинақты отырады.

Күндізгі қарауылда жүрген жігіттерінің бірі ауылға шауып келіп: «Шыңғыс жақтан қосар аттылы үш адам келеді жүрістері суыттау сггяқты»,—деп хабар жеткізеді. Жігіттің хабарына сай қосар аттылы үшеу ауыл шетіне тоқтап, Қараменденің үйін сұрайды. Іле жөггжосықтан соң, бабан үйіне түсіп, сәлем береді:

Бұлар Кеңгірбайдың, Мотыштың. Байғарының балалары болып шығады. Қарекен ауылы ірге көтеріп кеткен соң Семей бекінісін орнатуға келген алғашқы «Жеті шатыр» іелері, шекаралық қазақ-орыстар жанжалдасып. Кеңгірбай бастаған тоқсан ауыл тобықтың, тоқсан адамды байлап алып, тұтқындап қояды. Келген жігіттер осы жаманатқа байланысты Қарекенді билікке шақыра келген екен. Жігіттерден ел жайын естіп білген соң бабаң «Бүгін еру болып ертең қайтыңдар, аттарың тынықсын, — деп Келтеге бұрылып — балалар отауға қонар. Сен бүгін кешке асау айғыр үйірін» деген торы атты ұстап таң асырар» сын», — дейді. Ертеңіне келген жігіттер аттанарда:

Айтса тілді алмаған кәп ағайын,  
Мотыш білер жайылған малдың  
жайын.

**Байғараға өкпелеп кетті деп ең,  
Енді керек болдым ба,  
Кеңгірбайым?**

— деп, жігіттердің жанына Келтені қосады. Келте атының басын бұра бергенде әкесі: — «Біздің бетіміз Батыс, қуып жетерсің, деп алып, сөз аяғын елеусіз ғана Қазбек бидің ауылына соқпасыңдар» — деп бітіреді.

Төрт жігіт 2-3 күн жүріп Кеңгірбай ауылына тақалғанда алдынан абыржыған көпшілік шығады. Олар алғашқыда Қарекеннің келмегеніне іштей жабырқап ренжісе де, Келтені көріп қуанып қалады.

Келте Кеңгірбай ауылындағы топтың бас көтерілік дегендерін жинап, кеңеседі. «Жеті шатыр» маңынан бір түстік жерге үш ақ үй алдырып, біреуін оқшау, екеуін отаушалап тіккізеді. Тоқсан ауылдың есебінен тоқсан егізді байлатырып қойды. «Жеті шатыр» басшыларына хабаршы жіберіп алдырады. Сөйтіп келіссөз жүргізеді.

«Көшкен елдің көмегі, қонған елдің ерулігі» деген халқымыздың игі салты бар. Сіздер жаңа қоныстанып, жапсарлас болып қалдыңыздар. Сыйлы қонағымыз болыңыздар. Мына тоқсан өгізді сіздердің қажеттеріңізге жаратуға арнап байладық, алыңыздар. Келешекте тату көрші болсақ, тағы да ауыс түйіс бола жатар. Алғашқыда біздің ел адамдарынан да, сіздерден де түсініспеушілік кетті. Біз мүйіз тірестіріп, дау қумаймыз. «Кешірімді болмай, кең болмайды» деген халқымыздың жақсы даналығы бар. Біз кішірейіп, түсініскелі келдік. Қолға түскен жігіттерді босатсаңыздар, біз ризамыз», — деп ©здерінің үйғарымдарын айтып, Кеңгірбай бастаған тоқсан жігітті босаттырып алады.

Осы дүрбелең қарсаңында Жуан таяқ. Бектемір, /Канай бастаған ау

ылға Манас атаңның да біразы қо" сылып, Шыңғыстан бері ойысады. Қарекеннің кеткен жағына көш ба" сын бұрады.

Шыңғыс жеріндегі алғашқы қа" зақ орыс дауы Келтенің осы билігі" нен соң тыным табады. Кеңгірбай Келтенің тапқырлығына риза бо" лы, қасына бір басшы, бір қосшы қосып ауылына қайтуға Келте қа" сындағы серіктермен бірге Қазбек бидің ауылына ойламаған жерден тап болады. Бұл кезде Қазбек жа" ны маңдағы бір ауылға кетсе ке" рек. Келтелер ауыл адамдарына жөндерін айтпады. Тек асығыс екен дігін ғана білдіреді. Қазбек ауылғ адамдары далаға кілем жайып, бұ" ларға қымыз ұсынады. Келтенің жол серілінің бірі қатты шөлдеген болуы керек, ұсынылған қымыз толы аяқ" ты басына бір"ақ көтереді. Қымыз беріп тұрған жігіт:

— Ей жігіт, аяқтың түбінде не бар екен? — дейді. Ол жауап қайтара алмапты. Келте жұлып алғандай, қолма"қол:

— Аяқтың бетінде пісімілда, тү" бінде алхамдилда бар екен, — дейді. Сөйтеді де өздері аялдамастан шы" ға сала ширақ қозғалып кете бара" ды. Олар ұзай бергенде Қазбек би ауылға оралады. Ауыл адамдарыг нан көз көрімге ұзап бара жатқан" дарды сұрайды. Қымыз үлестіруші жігіт:

— Аты-жөнін білмейміз. Асығыс екен деп, өзі көрген жаңағы тоста" ған-аяққа байланысты жайды айтады.

Қазбек сәл ойланып: «Өкше ба" ғыты Шыңғыс, түмсығы — Қараменде көші ғой. Соның Келте деген жақсы баласы бар деуші еді. Сөз саптауына қарағанда сол болар. Ар" тынан қуып жетіп, жөнін сұрап анықтандар. Келте болса ауылға ер" ті, келіндер. Басқа болса қайтып келіндер», — деп бір жігітті жұмсапты. Қазбектің жұмсаған жігіті жүр" гіншілерді қуып жетіп, бидің сәлем" тапсырмасы бойынша Келтелерді ауылға ертіп келеді. Қазбек Келтені телі емген қысырдың тайын сойып сыйлайды. Түс қайта отырған еке" уінің жарасқан әңгімесі ертенгі сәс" кеге дейін созылады. Мәжіліс аяқ" тәлар қарсаңда Қазбек: «Шыра

ғым, ат аспаннан, нұр пейіштен» — деген екен бұрынғылар. Атыңды қалай Келте қойды екен?» — деп тұн" жыранқырап тұрып, танданған пі" шінімен ойланып қалады. Келтенің қасына сойылдары бар бес адам қосып, аттандырады. Олар жүргелі тұрғанда: «Жолдарыңды бөгеп, бір күн ұста, қалдым. Биге сәлем ай" тыңдар. Ауылдарың жылжи көшіп ұзап кеткен шығар. Ширақтау жүріп қуып жетіңдер. Жолдарың болсын», — дейді.

Ауылдан бір көш жер ұзаған соң Келте тосын ауырып төмендей бастайды. Ымырт жабылып, жұлдыз туғанда қазіргі «Қаратал» совхозының Қаражұмақ қыстағының ма" нында жан тапсырады.

Сөйтсе, қаз дауысты Қазбек Келтенің сол күні дүниеден өтерін біліп, өз ауылына тезірек жеткізіп салуды мұрат тұтқан екен. Жолда олай-пұлай болып кетсе деп, сақтық жасап, бес жігіттің ішіне иманын айтатын молда, Келтенің қазасын естіртетін жыршы да қосыпты.

Баласының өлімін естірту үшін жыршы Қарекен ауылына ат қойып келіп, ой бауырымдап:

**Қареке, биен де жүз,**

**Түйен де жүз.**

**Келмейді енді Келте,**

**Күдеріңді үз!** — деп айнала шауып жыр төгіпті.

Тосын жайды ұқпаған бәйбішесіне Қарекен: «Бәйбіше үйінді көтер, дайындық жасайық. Балаң Келте қайтпас сапарға аттаныпты», — де, өзі тоқтам жасапты.

Келтенің сүйегін Қазбек ауылының жігіттері сойылдарына шылбын байлап өткermелеп жасалған көтерме — керме арқылы ат үстінен төрт жақтап алып Қарекен ауылына келеді. Уақыт шілде айының соңы, күн ыстық кез екен. Келтені көп кешіктірмей, арулап, өздері еру болып отырған қазіргі «Енбек» совхозының Ақжарық қыстағының оңтүстік батыс жағындағы Тоқырауын мен Ақтәс өзенінің құйылысынан 1-2 шақырым жоғаоы айырықтыш жағасына қояды. (Кейін осы жерге Қарекеннің өзі де жерленеді. Содан бастап бұл жер Қарекен айырығ

ғы атанып кеткен). Көп кешіктірмей Қызыларай баурайынан терек кидырып, төрт бұрышты кима бейіт соқтырады.

Қарекеннің тұңғышы батыр, Өзі халқына билік айтып аты қалған баласы Келте небары 19 жыл ғұмыр кешіпті. Келтенің өліміне Дүйсеке атты інісінің күйзелісі басқалардан ерекше болыпты. Ел аузында «Алты мойын бір бас адамда Келтедей артық кісі болады деймісің» деген сөздермен бірге:

**Ақылымен елді алған,  
Дыбысмен жер жарған,  
Өкпелескен ағайын,  
Ренішін бассын деп,  
Билікке кетіп, оралмай,  
Тілден де болды-ау ажалың.  
Жиырмаға жетпес жасында.  
Аузы түкті орысты.  
Ақылменен богеген,  
Қиюы кеткен араздық,  
Осыменен бітсе екен.  
Қайтадан соқпай бұл нәубет.  
Садағаң сенің болсам деп,  
Тілеуші едім алладан.  
Атыңнан қорқып келтелік,  
Бұл тілекке жете алмай,  
Қаныда қалдым қайтейін.  
Тілеуім онды болмады-ау.  
Қадірмендім қимайтын,  
Еркелетіп, силайтын.  
Тентектікті көтерген,  
Мінгізетін мойынға,  
Бауырдан қалдым айырылып.  
Ушатъш кезді жер билеп,  
Қонатын сайды іздеген.  
Домаланған қаңбақтай.  
Мезгілсіз кеттің арадан.  
Айырықтың бойында,  
Томайған бір тобешік,  
Қаласың ба аға-екем.  
Атағың қалды артында,  
Ұмытылмастай үлгілік.  
Шүкіршілік қыламыз,  
Соңында қалған қос тұяқ,  
Алдақай мен Алақай,**

**Ер жетіп, орнын бассын деп.  
Бет алған жерге жете алмай,  
Жиделі байсын мекенге.  
Орта жолда шашылып,  
Қаламыз ба, дүние-ай!  
Боліне сырғып туыстан.  
Бірлігіміз жараспай,  
Кімге кінә тағамыз,  
Осылай жазса тәңірім.  
Топырақ тартып бұйырған,  
Жерінде қалдың мәңгілік.  
Ала болған ағайын,  
Не деп тоқтам айта алар?  
Табашы болып суысып,  
Кетер ме екен бір жола?  
Болмаса, қайта көрісіп,  
Қоңіл айтып табысып.  
Айқара құшақ ашылса.  
Артта қалған Шыңғысқа,  
Қайта барып қабысып,  
Кезігер ме, шашылмай!  
Елден елдің кеткені,  
Жақсылық ырым емес қой.  
Мал кетсе де, бас кетпей,  
Аман да болсақ жарар ед.  
Сені тастап кете алмай,  
Айырықтың беліне,  
Өксіп-өксіп жылаймыз.  
Топырағыңды бір сипап,  
Дұға оқуға басыңа,  
Соғарымыз белгісіз.  
Жылжи көшіп, жырақтан,  
Кетіп бара жатырмыз.  
Қайта соғар кез болып,  
Осы жерде тұрақтап,  
Мекен етіп алсақ қой,  
Жаз жайлауда бір келер.  
Уақыт қысаң, мезгіл тар,  
Егізінен сактай гөр!**

Деп тәлеміз алладан — деген жоктау жырдың үзінділері сақталыпты.

**Ескерту:** 1. Келтеге Қазбек билің көзі тиді дегені. Бұл қазақ халқында бүгінге дейін бар ырым.

2. Келтеден Алдақай, Алақай атты екі ұл қалған. Қыздарынан туган ұрпақ бар.

## Өтеген қожа мен Караменде

ХАЛЫҚ ұғымындағы «кожа», «төре» деген атаулардың тілімізге еніп, дербес мағынаға ие болуы тарих көшінің әтпелі кезеңімен сипатталып анықтама алады. VII ғасыр-

д? араб елінде туған дін — ислам аты есіммен тарады. Келе-келе осы дінді тұтынған Таяу Шығыс пен Орта Азияны мекендеген әр түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері Ислам, Ис-



Осы кезеңде Қаратау жағынан Сәдір бастаған біраз қожалар келіп, әр руға тарай бөлініп мұсылманшылдық шарты — құдай жолын уағыздауға иелік етеді. Сәдірмен бірге келгендердің ішінде Халуайтұлы Өтеген қожа да бар екен. Осы Өтеген қожаны Қарекен өз тобында қалдырады. Қыстау салып мекендеуіне жағдай туғызып Орта Дересіннен жер берді. Заманы бір болған соң құрбылық жолымен Қарекен Өтеген қожаға оңаша кезігіп қалған кездерінде қалжыңдап: — Өтеген, сен қожамысың, саотпысың — дейді екен. Сонда Өтеген: — Құдай оңдаған, не десең де өзің білесің. Дін мұсылманды тұтастыру үшін, құдай жолы деп жүрген жанбыз ғой, — деп жауап қайтарыпты.

Шапқыншылығы үзілмеген барымталы кездің бірінде жазғытұрым көл жиегінде отырған аз ауыл тобықтылардың біраз жылқысын ойламаған жерден ұры алып, ізім-қайым жоқ болады. Қуа шыққан із кесушілер ұрының арғы қабақтағы Үйсін Жалайыр жерінен, екенін анықтап қайтады. Іле Қарекеннің өзі бастаған біраз адамдар үйсін еліне аттанады. Сөз қадірін білетін ел басшыларына жолығып, ұрланған жылқының өзі болмаса да көзі ретінде екі үйір жылқыны өндіріп алады. Жолда әр өткен, бері өткендерді торып, мал-мүліктерін тартып ала—

**ҚАРЕКЕН:** «Ия, Өтеген қожа! Сарт болмай қожа екендігің шын болса сиындым аруағына, қолдай көр» — деп өзі бастап жылқыларын қуа көлге түседі. Қуғыншылардың алдыңғы легі де екпіндеген бетімен көлге қойып кетеді. Бірақ, аттары бойламаған судың терең жерінде екі үшеуі қарық болады. Қалғандары кері бұрылып өлдім-талдым дегенде жиекке әзер жетеді. Сүт пісірім уақыт жүзген Қарекендер тобы аман сау мұзға ілігіп үстіне шығады. Шығынсыз бергі қабаққа өтеді.

Үйсін еліне аттанар сапарында жолай соғып, жол болсын айтып қалған Өтеген ауылына ат басын бұрады. Жол серіктеріне: «Мынау екі көк айғырдың анау кішісін ко-

-тын қарулы қарақшылар бар екенін үйсін елінің басшылары қайтарында Қарекене айтып, сақтық жасау қажеттігін ескертеді.

Қайтқан малдарын береке тұтқан Қарекен серіктерімен бірге Алатау сілемінен бері қарай тіке құлап, көл жиегі жағалай еліне беттейді. Ұзын Аралдың тұсына іліге бергенде қалың тұман басып кетеді. Жүргіншілер осы жерге қонып, ат белін босатады. Тыныстап жатқан топ «Кеп қалды кеп қалды» деген күзетші жігіттің алаң-елеңдегі ашы дауысынан шошып оянып, жалмажан аттарына жүгіріседі. Іле шала жан-жақтан қоршай аңдыздап ат қойып келе жатқан жау қараусыны да көзге ілігеді. Қашып құтылуға мүмкіндік жоқ. Табан тіреп қақтығысқа екі жақтың күші тең емес екенін бағдарлаған Қарекен: «Көлге тарт, көлге тарт»,—деп дауыстайды. Бірі қуып, екіншісі қашқан жанталас шақ. Қашқан топ әуірім-тәңірім деп қуғыншылардан бұрын көл жиегіне ілігеді. Бірақ, олар көл қабағының мұзы сөгіліп жиектегі судың ак көбіктеніп толқын атып жатқанын көріп қатты сасады. Дәл осы кезде қуғыншылардың алдыңғылары да ұбап-шұбап тақала береді. Тіпті «ұрып таста, ұрып таста» деген құлақ тұндырарлық айқай-сүренге толы қиқуы күшейіп, шағын топтың құтын қашырады.

жаға береміз» — деп атайды. Қиыстай бұрылып сәлем бере келген Қарәмендеге Өтеген:

— Ат-көлігің аман келдің бе, құдай оңдаған. Тар жерде қыстың ғой — дейді.

— Қалай тар жерде қыстым? — деген Қарекеннің қарсы сұрағына ештеңе деместен Өтеген қожа көйлегінің етегін көтеріп, арқасын көрсетеді. Екі жауырынының ортасыя аттың төрт тұяғының ізі түсіп қалған екен. Сөйтсе таңертеңгілік мезгілде азан шақырып намазға ұйып тұрғанда Қарекеннің айғайын естіп, жау қолынан құтқарып алу үшін желеп-жебейтін иелері арқылы көмек жасағаны екен.

Қарекен осыдан соң: «мен сізге

бағындым, артымда қалар ұрпағыма сіздің әулетті құрметтеп өтуді тапсырармын. Ақтығыңызға барымтадан қайтқан екі көк айғырдың үлкенін сіздікі деп атадық» — дейді.

Әй, құдай ондаған, жаңа серіктерінен бөлінерде айтқаның кішісі еді ғой, — депті жожа.

— Иә, кішісі деп атағаным рас еді. Сіздің көріпкел әулиелігіңізді тағы да сынау үшін әдейі айтқан едім. Кешірім өтінемін. Атапірім Пайғамбарымның әулеті киелі қасиетіңнен айналайын — деп Қаракең иіліп тағзым жасайды. Содан бастап өзінің сыйлайтын, құрметтейтін жеті пірінің бірі ретінде Өтеген қожаны ғазиз тұтып өтіпті. Өзі айтқандай дүниеден көшерінде балаларына Өтеген ұрпақтарын қадірлеп сыйлауды айтып, осы әулеттен қыз алмауды өсиет етіп тапсырады.

— Қожадан қыз алсаңдар өмір талқысына байланысты келе-келе заыптарыңа тілдерің тиюі мүмкін. Ондай тіл аруақты күңіретіп, Өтегеннің киесіне ұрындырары хақ. Мен десендер кейінгі ұрпаққа да осы тілегімді өсиет етіп жеткізіндер, — дейді Қарекен.

«...Менің 7-8 жасар кезімде Шайменнің әкесі Қайназар бірәдәр біздің үйге келіп қонды. Ертеңіне таң намазы алдында әкей оятып: «Дәрет аламыз, шәйнекті алып жүр» — деп далаға шығып кетті. Қоламтада тұрған шәйнекті алып сыртқа шықтым. Сыртынан желбегей шаиан жамылған ішінде иығының үстінен ілгектеп байлаған ұзын «бірәдәр көйлегі» бар Қайназар ақсақал әкеймен әңгімелесіп тұр екен. Мені көре сала:

— Балам, шәйнекті бере тұр, өзім алып жүрейін, — деді. Мен:

— Бара беріңіздер, арттарыңыздан апарамын ғой, — дедім. Қария:

— Жоқ балам, болмайды. Сен жас болсаң да Өтеген әулетінің ұрпағысың ғой. Бадам айтып кеткен жоқ па еді. Сіздің әулетті біз пір тұта-

мыз, — деп шәйнекке қол созды. Мен бере қоймадым. Сонда ол:

— Қарағым, әлі жассың, түсінетін кез келеді. Ата өсиетіне қиянат жасамайық. Сыйластық, қадірмендік үшін, дін мұсылманды аялап, бірлікті сақтау үшін айтылған ұлағат еді ғой. Аруаққа шек келтірмейік. — деп кемсендеп жылап жіберді.

...Кейініректе қарындасымыздың бірі тағдыр жазып Қараменде ұрпағының біріне тұрмысқа шықты. Сол күйеу бала бірер жылдан соң бет аузы қисайып қатты науқастанып қалды. Ата аруағының назасы ма, жоқ әлде, қарындасымызға тілі тиіп, Өтеген бадамның киесіне ұрынды ма, ол жағын білмеймін. Біраз уақытқа ем-дом қонбай қатты қиналды.

— Қожа әулиетіне көрсетпесе, бақ-қа бақсы-балгерлердің жасағаны ем болмайды — деген ел сөзінен кейін Әшім атты әкеміздің әлгі күйеуді дұғамен оқып науқасына айықтырғанын өз көзіммен көрдім, — дейді бұл күндері 80-ге келген шәкір молла немересі Ақжан қария.

Әулиелігі арқылы елге танылған Өтеген қожадан көптеген ұрпақ тарап, өніп өскен. Оның Тұрсын атты баласынан туған Сапарымбетті атасының аруағы қолдап дуалы ауыз болып ер жетеді. Иmandылықты ту етіп ұстағаны үшін Сапарымбет Әлтеке-Сарым мен Тобықтының бас қосқан бір үлкей жиынында Әтебек Еманалы қарияның тілегімен Дадан еліне бас указ болып сайланады. Сол Сапарымбет те айтулы қасиеттері арқылы даданнан шыққан Дадан қожа есімімен ел есінде сақталыпты.

Осы Дадан қожадан туған алты ұлдың екеуінен тараған ұрпақтары өз аулымызды мекендеп, тәрбиелі үл-қыз өсірді. Ауданымыздың көркеюіне қарапайым еңбектерімен үлес қосқан қадірлі аталарымыз Омар мен Жармағанбет қожалар сәл Сапарымбеттің ұрпақтары болатын.

# Қарекен мен Жарылғап батыр

ҚАРАЛЫ АУЫЛ Айрықтың жасында Келтеің қыркын өткізіп, ауыл аймақ пен іргелес қоңсы-қолаңға бата оқыр жасайды. Сүйікті баласының елімі кезіктірген орны толмас ауыр қазаға ұзын құлақ арқылы хабар жеткен Керней, Майкы-1 анас, терістік бағыттағы Қуандық, Сүйіндік т.б. Арғыннан таранған іргелі жақсығжайсаңдары көңіл айтып, Қарекеннің қайғысын бөлісіп, аза тұтады.

**Пәндәға фәнн дүнне аз күн ермек.**  
Сынады мың күн тұрып бір күн шөлмек.

**Бақиға қосыңды артып жөнелгенде,**  
**Шернеуде жазуда жоқ қайтып келмек.**

Қаза қаншалықты ауыр болғанымен жазмыштан озмыш жоқ. Тосын ажал әке үмітін шорт кесті. Келтеің қайта оралып, бабаң сөзін ұстауы мүмкін емес екені аян. Еру ауыл енді тіршілік қаракетін жасауы тиіс. Келтеің артын күтіп, көңілін суытқан серіктері мен тумаларына Қарекен:

— Өлмек артынан өлмек жоқ, бәрі жасағанның маңдайға жазғаны. Қосы ауғанның есі аумасын, артының қайырын тілейік, — деп өзі тоқтам жасап көш қамына кіріседі. Сәйтіп ата жүрт — күт мекенге көше беттеген ауыл кездейсоқ аялдап, бірекі айын осы жерде өткізіп алады.

Қыркүйектің бас кезі шамасында қаралы ауыл артына қарай-қарай қимасы Келтеің Айрықтың жиегінде қадырып, оңтүстік батысқа бет түзейді. Сол жылы күз ерте түсіп «Мизам» өтісімен күн шұғыл суытты кетеді. Артынан қар-аралас жаңбыр жауып, көштің жүрісі өндімейді. Қарашоқының (қазір Ақадыр ауданы, «Қарабұлақ» совхозының жері) тұсына жеткен кезде жинақы жүруге мүмкіндік болмай, көштің алды озып, арты шұбап еріксіз аялдайды. Әрі қарай жылжудың мүм-

кіндігі болмай қалады.

Қарекен осы қиыншылықтан соң Кернейдің батыры Жарылғапқа жолығып жөндерін айтады. Қыстан шығатын жер ыңғайын кеңесіп, рұқсат сұрайды. Батыр көш басын тіреп қос тіккен жерін пайдалануға кеңшілік жасайды. Оның мәрттігіне ризалық білдірген Қарекен ауылы күзбен қысын осында өткізеді. Күз басы қысылшаң, жауынды-шашынды болып қыса келгенмен жыл аяғы жайлы болды. Қоңған жерлер! қалың шилі Қарабұлақтың «Бас», «Орта», «Аяқ» ши деп аталатын жалпақ өлкесі болғандықтан, оны қорықтаған мал күйлі шығады. Жазғытұрым төрт түліктің бәрі балалап, төл ереді. Токтыға дейін қоздап, ауыл аққа ерте кенеліп қарық болады. Осы жай ұзын құлақ арқылы Кернейлер арасына жетеді. Жазғасалым жайылым таршылығын ойлаған осы елдің ауыл басшылары батырға сөз салып, Қарменде отырған қалың шилі босатып беруді талап етеді.

Қарабұлақты қонысқа берген өзі болғанымен^ ел адамдарының сөзі" иен аса алмаған Жарылғап батыр жерін Қарекен ауылынан қайтсе де босатып алуды ойлап, атқа қояды. Дәл сол күні Қарекен өзінің отыз жыл түлетіп ұстаған Шәкір атты бүркітін алып аңға кетіпті. Өзі аңға шығарда бәйбішесіне сырттан келген бөтен-бастақ қыдырмашы жолаушыға ұйыған қатықты керсет" пуді тапсырады екен.

Түс қайта батыр бастаған 2-3 адам Қарекеннің үйіне келіп түседі. Асығыс екендерін ескертіп сусын сұрайды. Аңғал бәйбіше сасқалақтап тұрып, Қарекеннің «қатықты көрсетпе» дегенін ұмытып, Жарылғап бастаған жігіттерге бір-бір аяқ қатық ұсынады. Жарылғап тізесін бүкпестен аяқты қолына ұстаған күй<sup>1</sup> кісесіне кездігін алып, әуелі қатықты төртке тіліп, сонынан араластырып дем алмастан ішіп жібереді.

Сөйтіп, ештеңе деместен аттанып кетеді.

Аннан оралған Қарекен болған жайды бәйбішесінен естіп біліп: — Е, келген Жарылғап батыр ғой. Қалың ши бізге енді қоныс болмайды екен. «Жерімді тез босатпасаң, өзара жауласып екіге бөлінген тобықтыны төртке бөліп быт-шытыңды шығарың, қуып шығамын» — деп күш көрсетіп шұғылдық жасады-ау. Батыр аңғал, морт деген расқа айналмаса неғылсын. Бір жылға шыдаған қоян терісі құрлы болмағаны ма. Бұтаға паналаған торғай да аман қалады. Іргелі ел деп паналап едік. Неге асықты екен. Біз түпкілікті мекендемейміз. «Ағайынға қадірім жоқ бетімді көреді, әйелге қадірім жоқ етімді көреді», деген осындайдан айттың болар. Әлде араға ағайынның буынсыз қызыл тілі жүгіріп, батырдың намысына тиіп, шамдандырды ма екен. Көре алмаушылық Абыл—Қабылдан келе жатқан шындық. Артын тосалық — деп пайым жасайды.

Іле 2-3 күн өтісімен батыр ауылғаннан тағы да бір-екі жігіт келеді. Олар бір айғыр үйірлі қысырақ жоғалтқанын, оның ізінің осы бағытқа қарай ойысқанын айтады.

Қарекен:

— Ойларың белгілі. Жоқ жоғалтып, із кесіп келген жоксыңдар. Батыр жіберген екен ғой. Алғашқы келгенде-ақ «Жерімді босат» дегенін білгенмін. Мыңына шыдап, біріне шыдамағаны ма. Төл аяқтануыш күтсін. Жерін босатып беремін, — деп Жарылғапқа сәлем айтып, жігіттерді ауылына қайтарады.

Керней жағының басшылары қозғау түскен істі тездетіп аяқтау ниетіне бекиді. Не қылса да Қарабұлақ бойын босаттырып алуға шұғыл қам жасайды. Сөйтіп, Қарекен ауылына «жөк іздеушілерді» жиі аттандырады.

Бидің батырға айтқан сәлемі аяқсыз қалдырылып, кірме ауыл шарасыздыққа тіреледі. Қыспақ күшейіп, торуылға қарсы күзет ұйымдастырылады. Бір жолғы сайланып келген «жөк іздеушілер» жылқышыны сойылға жығып, Қарекен қосынан бір үйір жылқыны түре айдап қу

ыш кетеді. Ауыл жігіттерімен бірге қуғыншы болып аттанған Қарекеннің Келтеге тете Сәрік атты баласы соққыға жығылып қаза табады. Сәріктің өлімінен соң екі елдің арасы ушығып жауласуды көздеген іс-әрекет әзірлігі басталады.

— Ірге аударып бөліне көшкенімізді тәңірі құптамады ма. Өткен жылы Келтеден, оның жылына жетпей Сәріктен айырылды. Құдай аузына сөз салды ма, ағасына шығарған Жәпекенің айтқанына кезіктік. Бәрі жазу шығар. Жерін босатып беремін деп алғашқы сәлемінде айтқан едім. Батыр ауылы шалалық жасап, пендешілік танытты. Топырақ бұйырып келген болар. Басын қарайтып қорған тұрғызуға мұрша берсін. Мен құн дауламаймын. Сәріктің қырғын берген соң ірге көтереміз, — деп Қарекен өзі бітім жасап екі жақты да тыныштандырады. Сәріктің Қара бұлақ жерінде көш жөнекей керкейлер қолынан қаза табуы тарихи шындық. Бұл деректерді атақты Иарманбет нағашысы, әм қайны Жуасбаймен айтысында да тұспалдап келтіреді. Осы ұзақ айтыстың мына үзінділерінен оны аңғаруға болады.

Иарманбет:

...Талапты деп сөгесің тон иесісін,  
Шала-шарпы ұғасың сөз жүйесін.  
Арқаға найза сұғып қорқытып тұр  
Жақанның жаңа білдім әулиесін.

**Жуасбай:**

...Жарылғап қасиетті әулие өткен,  
Найзасы ұзын, түртпеді кімді  
көттен.

Аруағына ит қосып жауға берген,  
Көргенінді айтасың Бегімбеттен.  
Екі бірдей баласының көш

жолында  
Қалуын жақсылық ырымға  
жорымаған.

Қарекен енді Жиделібайсынға бару ниетінен қайтады. Өз тобында ере көшіп келе жатқан Ақсақ руынан шыққан Сана биді ертіп, жер шолуға шығады. Сананың Қарамендеден жасы үлкен екен. Өзінің кәріпкел әулиелігі болыпты. Жалғыз жарым жүргенде көз байлап ұшып кететін қасиеті бар дейді көне көз қариялар. Жай отырып тыныс алғанда мұрны шуылдап, ерекше ды-

быс шығарады екен. Сананың жасының үлкендігі мен ерекше қасиетін құрметтеген ел адамдары оның атын тіке атамай Шуекең... дейді екен.

Сол Шуекең — Сана би Наракеңмен бірге жер шола шыққан бір сапарында бір төбенің жанына келіп тоқтап етекке атын шідерлеп тастап өзі жоқ болып кетеді. Ет пісірім мөлшерідей уақыт өткенде келіп, Бабана:

— Төменде, үлкен қақтың терістік шығысында ел мекендемейтін бос жер бар екен. Жайлы қоныс, құтты мекен болуға лайықты. Үш Дересін деген жерді көріп келдім. Қақтың оңтүстік батыс жиегі де бос. Ертеде қыпшақтар мекендеп, күл төгіпті. Ойы — балық, қыры — киік, жері күмайт болғанмен шөбі ашылы-түіиылы малға жұғымды болуға тиіс. Қамысына түіе бойламайтын қалың ну. Қысы жұмсақ жайлы болар. Біз сияқты кеше қонған аз ауылға құтбереке берерлік жер екен. Ұрпақ өсіп ел мекендер. Жаз жайлауға арқа беліне көтерілеміз. Майқы—Танастың сөз ұстар азаматы болса Әлтеке атанның анасы мен өзін қалмақ қолынан аман алып шыққан Толыңқарт бабамның, қарызын ұмыт та қоймас. Жазғы 34 айға көдесінің түбі мен өзегінің суына таршылық жасамас. Тәуекел деп осы жерде мекендейік, — деп кеңес береді. Қарекен бастаған аз ауыл Дадан әулеті Сәріктің бейітін соғып, қырқын бер-

ген соң Балқаш көлінің жағасына көшіп келеді. Алғашқыда терістік шығыс жағалауын, кейіннен терістігін, терістік батыс жиегін Шуырт палылармен қатар қоныстап мекен" дейді.

**ЕСКЕРТУ:** 1. Сәрік — Қарекеннің екінші бәйбішесінен туған үлкен ұлы. Сәріктің Нақперлі т.б. балаларынан тараған ұрпақтары. Ақ шал атанған марқұм Жаппари баласы Махмет пен Балқаш қаласында тұратын "Әбікей ұлы Нұрғали қария" лар бар.

2. Сәріктің бейіті Ағадыр ауданы, Ақжал руднигінің батысына қарай Балқаш жақтан санағанда бірінші шидің жиегіндегі төрт бұрышты бейіт.

3. Жақаң — Жарылғап батырды айтқаны.

4. Бегімбет — Қалдаудың бір баласы.

5. Сана — Қарекеннің замандасы, көріпкел әулие. Бейіті «Ақтоғай» совхозының Қарашілік қыстағының маңындағы төбе басында. Бұл төбе бүгінге дейін Санекен басы деп аталады. Бейіті әуелінде қима ағаштан салынған кейін сыртына кірпіш қалап жаңартылған. Қазіргі кезеңде бейіттің алдыңғы жағы құлап жайылған, Ағаштары мен кірпіштері араласып жатыр.

6. Шуекең — Сананың ел қойған есімі. Кейін рулық атаққа ие болған. Ұрпақтары бар.